

Сараптама департаментінің бас менеджеріне қойылатын біліктілік талаптары:

1. Жоғары экономикалық және/немесе заңдық және/немесе техникалық білім; магистрдің ғылыми немесе академиялық дәрежесінің болуы - жақсырақ.

2. Тиісті мамандық бойынша кемінде 3 жыл жұмыс тәжірибесі немесе қоғамда менеджер лауазымында кемінде 2 жыл жұмыс тәжірибесі.

3. Қажетті білім (НҚА):

- Азаматтық кодекс;
- Бюджет заңнамасы;
- Еңбек кодексі;
- «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
- Қоғамның қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық актілер мен құжаттар;
- Қоғамның ішкі құжаттары.

4. Дағдылар мен біліктілік:

- инвестициялық жобаларды жоспарлау және іске асыру тәжірибесі;
- талдаудың әртүрлі сандық және сапалық әдістерін білу және олармен жұмыс істеу тәжірибесі;
- заңды тұлғалардың қаржылық жағдайын талдау, инвестициялық жобаларды қаржылық-экономикалық талдау, тиімділікті талдау және есептеу тәжірибесі;
- тәуекелдерді басқару негіздерін білу;
- аналитикалық жазбаларды, есептер мен баяндамаларды, презентацияларды дайындау тәжірибесі;
- әдістемелік және/немесе регламенттеуші құжаттарды әзірлеу және енгізу тәжірибесі;
- инвестициялық жобаларды жоспарлау, дайындау, іске асыру, сараптау және/немесе мониторингілеу және бағалау тәжірибесі;
- ғылыми-зерттеу жұмысының тәжірибесі;
- маркетингтік зерттеулер жүргізу тәжірибесі.

5. Қосымша дағдылар (келіссөздер және т. б.):

- іскерлік хат алмасуды дайындау және жүргізу дағдылары;
- статистикалық, аналитикалық мәліметтер базасын жүргізу дағдылары;
- электрондық деректер базасын, электрондық тізілімдерді жүргізу дағдылары;
- аналитикалық жазбаларды, есептер мен баяндамаларды, презентацияларды дайындау дағдылары;
- ақпаратпен жұмыс істей білу, оны әртүрлі көздерден іздеу, жіктеу;
- өз бетінше және командада жұмыс істей білу.

Осы лауазымдағы қызметкердің негізгі міндеттері: Жобаларға экономикалық сараптама жүргізу (шұғыл және құпия жобалар үшін ерекше тәртіп қолданылады).

Шарттар:

- 1) жалақысы 300.000 теңгеден бастап;
- 2) жұмыс нәтижелері бойынша тоқсан сайынғы сыйлықақы;
- 3) қызметкер мен отбасы мүшелеріне арналған ЕМС;
- 4) демалысқа шыққан кезде сауықтыру төлемдері.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:

- 1) тиісті нысандағы өтініш;
- 2) 3x4 көлеміндегі түрлі-түсті фотосуреті бар қызмет тізімі;
- 3) білімі туралы құжаттардың және оларға қосымшалардың көшірмелері;
- 4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариус куәландырған немесе жұмыс орнынан кадр қызметі куәландырған көшірмесі;
- 5) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі.

Құжаттар 2025 жылғы 11-24 қыркүйекте қоса алған күнге дейін қабылданады.

Үміткерлермен әңгімелесу 2025 жылғы 1 қазанға дейін Қоғамның мекенжайы бойынша өтеді.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттарды қолма қол ұсынуға, немесе электронды пошта арқылы жіберуге болады: hr@kzppr.kz.

Қоғамның мекенжайы: Астана қаласы, Темірқазық көшесі, 65 (Экономика үйі), пошталық мекенжайы: 010000.

Барлық сұрақтар бойынша мына телефондар арқылы хабарласуға болады: 8 (7172) 701-752, 701-743, 8 702 299 80 64 (HR - бас менеджері Алиакбарова Анар Кемеловна)